

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒARTУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ОРТА БІЛІМ БЕРУ КОМИТЕТІ» РММ



РГУ « КОМИТЕТ СРЕДНЕГО
ОБРАЗОВАНИЯ МИНИСТЕРСТВА
ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

010000, Астана қаласы, Министрліктер Үйі
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 11-кіреберіс
тел.: (7172) 74-22-92, www.gov.kz/memleket/entities/kdso

010000, город Астана, Дом министерств
Проспект Мәңгілік Ел, 8, 11 подъезд
тел.: (7172) 74-22-92, www.gov.kz/memleket/entities/kdso

№ _____

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары

Аттестаттау рәсімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидаларымен және шарттарымен (*бұдан әрі – Қағидалар*) жүзеге асырылады және педагогтердің біліктілік деңгейін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Осыған байланысты педагогтерді аттестаттау рәсімін сапалы жүргізу және ашықтық пен объективтілікті қамтамасыз ету мақсатында облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларына жұмыс барысында Қағидалардың кейбір тармақтары бойынша ұсынылған түсіндірмелерді пайдалану ұсынылады.

Жасы бойынша зейнеткерлікке шыққанға дейін төрт жылдан аспайтын педагогтерге қатысты

Қағидалардың 30-тармағына сәйкес жасы бойынша зейнеткерлікке төрт жылдан аз қалған педагогтер аттестаттау рәсімінен босатылады. Педагогтердің қолданыстағы біліктілік санаты өтініші негізінде зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады. Педагогтің өтініші негізінде білім беру ұйымының бірінші басшысы бес жұмыс күні ішінде өтініш келіп түскен күннен бастап біліктілік санатын сақтау туралы бұйрық шығарады. Өтінішті кері қайтарып алған жағдайда, зейнеткерлік жасқа дейін педагог біліктілік санатын беруге (растауға) аттестаттаудан өте алады.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін педагогикалық қызметті жүзеге асыру кезінде педагогтер біліктілік санатының өту мерзімдері мен бірізділік қағидатын сақтай отырып, Қағидаларда айқындалған тәртіппен аттестаттаудан өтеді.

«Педагог-модератор» біліктілік санатын беруге қатысты

Қағидалардың 32-тармағына сәйкес аттестаттау рәсімінен өтпей «педагог-модератор» біліктілік санаты беріледі:

- Президенттің кадр резервіне кірген немесе ғылым кандидаты/докторы немесе PhD докторы дәрежесі бар тұлғаларға;

- барлық деңгейдегі Nazarbayev University түлектеріне (бакалавриат, магистратура, докторантура);

- «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқыған және тағылымдамадан өткен тұлғаларға;

- қолданыстағы Сэлта CELTA сертификаты (сертификейт ин англиш лэнгуиж тичинг ту адалтс. Кембридж Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) пас энд эбав Pass and above) және қолданыстағы Дэлта DELTA сертификаты (диплом ин инглш лэнгуидж тичинг ту адалтс Diploma in English Language Teaching to Adults) пас энд эбав Pass and above) бар шет тілі педагогтеріне;

- білім беру саласындағы уәкілетті органнан, білім беруді басқару органдарынан, біліктілікті арттыру институттарынан, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан білім беру ұйымдарына ауысқан тұлғаларға.

«Педагог-модератор» біліктілік санатын беруді педагогтің өтініші негізінде білім беру ұйымының аттестаттау комиссиясы (*бұдан әрі – Комиссия*) жүргізеді. Комиссия отырысы өтініш келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде өткізіледі. Комиссия шешімінің негізінде білім беру ұйымының бірінші басшысы бес жұмыс күні ішінде «педагог-модератор» біліктілік санатын беру туралы бұйрық шығарады.

Кейінгі аттестаттау Қағидаларда анықталған тәртіппен жүргізіледі.

«Бірінші санаттағы басшы», «бірінші санаттағы басшының орынбасары» біліктілік санатын беруге қатысты

Қағидалардың 34-тармағына сәйкес аттестаттау рәсімінен өтпей «бірінші санаттағы басшы», «бірінші санаттағы басшының орынбасары» біліктілік санаты беріледі:

- білім берудегі өзгерістер көшбасшыларын іріктеу және даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өткен және кадр резервіне енген педагогтерге;

- жоғары педагогикалық білімі бар, білім беруді басқару органдарынан, білім беру саласындағы уәкілетті органнан білім беру ұйымына ауысатын және мемлекеттік қызмет лауазымдарында кемінде 5 (бес) жыл жұмыс өтілі бар адамдарға.

Норма білім беру ұйымының басшысы немесе басшысының орынбасары лауазымына тағайындалған жағдайда қолданылады.

«Бірінші санаттағы басшы», «бірінші санаттағы басшының орынбасары» біліктілік санатын беруді педагогтің өтініші негізінде облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органының комиссиясы немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган (*білім беру ұйымдары, ведомстволық бағыныстағы әдістемелік кабинеттер (орталықтар), салалық мемлекеттік орган ұйымдары үшін*) жүргізеді. Комиссия отырысы өтініш келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде өткізіледі. Комиссия шешімінің негізінде тиісті деңгейдің бірінші басшысы бес жұмыс күні ішінде «бірінші

санаттағы басшы», «бірінші санаттағы басшының орынбасары» біліктілік санатын беру туралы бұйрық шығарады.

Кейінгі аттестаттау Қағидаларда анықталған тәртіппен жүргізіледі.

Кадр резервіне тағайындалғандардың біліктілік санаты үшін қосымша ақы лауазымға тағайындалған күннен бастап жүргізіледі.

Біліктілік санатын теңестіру мен оның қолданылу мерзіміне қатысты

Қағидалардың 36-тармағына сәйкес педагогті басшының орынбасары лауазымына тағайындалған немесе керісінше (*біліктілік талаптарына сәйкес*) біліктілік санаты теңестіріледі және біліктілік санатының қолданылу мерзімі екі жылдан аспайтын мерзімге сақталады:

«педагог-сарапшы» – «үшінші санаттағы басшының орынбасары»;

«педагог-зерттеуші» – «екінші санаттағы басшының орынбасары»;

«педагог-шебер» – «бірінші санаттағы басшының орынбасары».

Білім беру ұйымының бірінші басшысы педагогтің өтініші негізінде түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде екі жыл мерзімге біліктілік санатын теңестіру және сақтау туралы бұйрық шығарады. Бұйрық шығарылған күнге басшы орынбасарында «педагог-сарапшы»/«педагог-зерттеуші»/«педагог-шебер» біліктілік санаты жарамды болуы тиіс.

Тағайындалған немесе тағайындалатын басшының орынбасарында бір мезгілде «педагог-зерттеуші» және «үшінші санаттағы басшының орынбасары» біліктілік санаттары болған жағдайда, онда осы санаттар «екінші санаттағы басшының орынбасары» біліктілік санатына теңестіріледі және санаты екі жылдан аспайтын мерзімге сақталады.

Тағайындалған немесе тағайындалатын басшының орынбасарында бір мезгілде «педагог-шебер» және «үшінші санаттағы басшының орынбасары»/«екінші санаттағы басшының орынбасары» біліктілік санаттары болған жағдайда, онда осы санаттар «бірінші санаттағы басшының орынбасары» біліктілік санатына теңестіріледі және санаты екі жылдан аспайтын мерзімге сақталады.

Тағайындалған немесе тағайындалатын басшының орынбасарында «екінші санаттағы басшының орынбасары»/«бірінші санаттағы басшының орынбасары» біліктілік санаты сақталады, тіпті егер оның «педагог-сарапшы» біліктілік санаты болған жағдайда да.

Тағайындалған немесе тағайындалатын басшының орынбасарында «бірінші санаттағы басшының орынбасары» біліктілік санаты сақталады, тіпті егер оның «педагог-зерттеуші» біліктілік санаты болған жағдайда да.

Көрсетілген нормалар лауазымдарды қоса атқарылатын жұмыс жағдайларында қолданылады.

Мысалы, қоса атқарылатын жұмыс жағдайында, егер педагогте басшының орынбасарының негізгі лауазымы (*1 бірлік*) және «педагог-сарапшы»/ «педагог-зерттеуші»/«педагог-шебер» біліктілік санаты педагог лауазымы (*0,5 бірлік*) бойынша қосымша жүктемесі болса, онда біліктілік санаты үшін қосымша ақы басшысының орынбасары лауазымы үшін лауазымдық жалақының 30%-дан

100%-ға дейінгі мөлшерінде және педагог лауазымы бойынша лауазымдық жалақының 35% - дан 50% - ға дейінгі мөлшерінде төленеді.

Егер педагогте негізгі педагог лауазымы (1 бірлік және одан көп) «педагог-сарапшы»/«педагог-зерттеуші»/«педагог-шебер» біліктілік санаты және басшының орынбасары лауазымы (0,5 бірлік) бойынша қосымша жүктемесі болса, онда біліктілік санаты үшін қосымша ақы тек негізгі лауазымы бойынша лауазымдық жалақының 35%-дан 50%-ға дейін педагог ретінде есептеледі.

Кейінгі аттестаттау Қағидаларда айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

Жоғарыда көрсетілген санаттар үшін қосымша ақы бұйрық шығарылған сәттен бастап жүзеге асырылады.

Норма лауазымдарды қоса атқару жағдайларында қолданылмайды.

Аттестаттаудан өтуге қатысты

Қолданыстағы біліктілік санаттары «педагог» санатына дейін төмендетілген педагогтер ағымдағы аттестаттау кезеңінде аттестаттау рәсімінен өте алады.

**Орта білім беру комитетінің
төраға орынбасары**

Ж. Қарамбаев

*М. Шакерова, 74-22-93
m.shakeroва@edu.gov.kz*

Согласовано

27.03.2025 13:22 Дюсембаева Айман Тельмановна

Подписано

27.03.2025 14:42 Карамбаев Жомарт Петрович

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 20-3-20-7/2155-И от 27.03.2025 г.
Организация/отправитель	МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА ШЫМКЕНТ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
	ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АСТАНЫ
	ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ»
	ГУ УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ АБАЙ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АЛМАТЫ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
	ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ ЫЛЫТАУ»
	КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
Электронные цифровые подписи документа	 Согласовано: Дюсембаева Айман Тельмановна без ЭЦП Время подписи: 27.03.2025 13:22
	 Государственное учреждение "Министерство просвещения Республики Казахстан" Подписано: КАРАМБАЕВ ЖОМАРТ МIIRYgYJ...md2B+Y7g= Время подписи: 27.03.2025 14:42

	 Государственное учреждение "Министерство просвещения Республики Казахстан" ЭЦП канцелярии: ТАМАМОВА ЗАУРЕШ MIIIRwYJ...KDZxJ1g== Время подписи: 27.03.2025 14:54
--	--



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверяется посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.